

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН



Қазақстан мұсылмандары
Діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти
ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ



ББК 86.38
Д 33

*Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
Сараптау комиссиясы
мақұлдаған*

ДЕРБІСӘЛІ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ

Д 33 Қасиетті Құран, - Алматы: «Көкжиек» баспасы,
2008. - 36бет

ISBN 9965-809-34-8

Бас мүфти Ә. Дербісәлінің бұл шағын кітапшасы Құран кітаптың қасиеті жайлы сөз етеді. Онда бірқатар аяттарға талдау, түсіндірме берілумен қатар Құранның бүгінгі күнге қалай жеткені, қалай сақталғаны, Құран мазмұнының мақсаты мен ерекшеліктері жайлы құнды мәліметтер қамтылған.

Кітапша Құранға қызығушылық танытқан, қасиетті кітап жайлы танымын молайтқысы келген барша оқырмандарға арналған.

ББК 86.38

ISBN 9965-809-34-8

© «Көкжиек» баспасы, 2008

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН



Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы,
бас мүфти

Дүбірлі оқиғаларға толы тарихқа үңілсек, адамзат қауымының бағыты мен бағдарына жол сызған, күллі ғаламды күрт өзгеріске түсірген маңызды оқиғаларды жиі көреміз. Солардың ең бастысы - Ислам дінінің пайда болуы және оның әлемге таралуы.

Ата дініміз тарих сахнасына көтерілер қарсаңында адамзат қараңғылық дәуірді бастан кешті. Зұлымдық атаулы етек жайып, ақ қараланып, қара бағаланып жатты. Жезөкшелік сынды адамгершілікке кереғар істер үйреншікті кәсіпке айналды. Адам қанын суша ағызу әдет болды. Осындай рухани қараңғы бір қоғам жаңа діннің келуімен аз уақыт ішінде өркениет пен мәдениетке сара жол салды.

Ислам төңкеріс жасады. Адамды (Құранда 25 жерде аталады) көркем бейнеде жаратып қана қоймай, оның әлсіздігі мен мұқтаждықтарын да толық білетін Аллаһ тағала оны мына дүниеде қараусыз қалдырмады. Адамзаттың атасы хазреті Адамнан (ғ.с.) бастап, ақыр заман үмбетіне дейін әр дәуірде жұрттың қажеттілігі мен сана деңгейіне қарай иләһи (құдайлық)

хабарды сол қауым ішінен арнайы таңдалған пайғамбарлар арқылы жіберіп тұрды. Адамзат санасы бұрынғыдан гөрі дамып, толысқан кезде ақырғы пайғамбар хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) арқылы 23 жыл бойы уахи етіп Құранды түсірді.

Жалпы жаратылыс, болмыс әлемі Ұлы Аллаһты танытатын үлкен кітап ретінде жоқтан бар етілсе, Құран - сол ғаламның тәржімасы. Пайғамбарларға берілген барлық уахи арқылы келген парақтар мен кітаптар да Ұлы Жаратушыны көркем сипаттарымен танытып, адамға мына дүниедегі міндетін түсіндіріп, ақ пен қараның ара-жігін айқындап, екі дүниенің бақытын сыйлау үшін жіберілген. Қасиетті Құран өзінің алдында келген иләһи кітаптардың соңғысы, әрі оларды толықтыру үшін адамзатқа жолданған. Ислам діні негіздерінің бірі де - осы көктен түсірілген төрт кітапқа иман ету. Сол себепті де Құранда: **«Кімде-кім Аллаһқа және Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет күніне иман етпесе, қатты адасады...»** («Ниса» сүресі, 136 аят) – делінген.

Аллаһ тағала түрлі мекендер мен уақыттарда сан алуан қауымдарға өзінің бұйрықтары мен тыйымдарын қамтыған, сол қауымның немесе қоғамның сана дәрежелері мен қажеттіліктеріне қарай керекті жауаптарды білдіретін, әрі жеке тұлғалық, әрі қоғамдық проблемаларының шешімдерін баяндайтын, өз араларында

әділдікті орнататын парақтар мен кітаптар жіберген. Парақтардың нақты саны бізге беймәлім. Ал, Құран Кәрімде білдірілген жалпы кітаптың саны төртеу: Зәбур, Тәурат, Інжіл, Құран. Мұсылмандар олардың Аллаһ тарапынан адам баласына тура



**«Кімде-кім Аллаһқа және Оның періштелері-
не, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет
күніне иман етпесе, қатты адасады...»**

(«Нуса» сүресі, 136 аят)

жолды көрсету үшін жіберілгендігіне кәміл сенеді. Алайда алғашқы үш кітап заман өте келе адамдардың түрлі өзгертулері мен бұрмалауларына ұшырағандықтан, олармен біз амал етпейміз. Қасиетті Құран түскеннен кейін өзге кітаптар негізге алынбайды, әрі амал етілмейді.

Құран – араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран – Ұлы Жаратушының ақыретке дейін келіп-кетер барша адамзатқа тура жол көрсету үшін соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с.) уахи арқылы түсірілген, оқылуының өзі ғибадат саналатын мәңгілік иләһи кітап. Ал ардақты Елші (с.ғ.с) сол кітаптың түсіндірушісі. Адаспауымызға жол көрсеткен нұрлы шырақ. Құран – өзіне дейінгі түскен барлық парақтар мен кітаптарды қамтыған.

Құран – қоғамдық әрі әлемдік барлық проблемаларға шешім беретін, адамның санасы жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды ашатын, екі дүниенің бақытын көрсетіп, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып, тылсым ғаламның мән-мағынасын ашып, адамзатқа жүктелген төл міндетін түсіндіретін, өзіне сеніп, шырақ тұтқан жандарды рухани кемелдікке тәрбиелейтін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген соңғы қасиетті кітап.

Құран – адамзаттың тән азығы мен жан азығы, осы дүниелік ғұмыры мен ақыреттік мәңгілік өмірі.

Құран – адам баласының жеке басы мен отбасы, экономика һәм басқару жүйесі үшін де жеткілікті.

Құран – дүрбелеңі мен шырғалаңы мол материалды дүниеде кездесер түрлі бөгеттерден алып шығар сара жол.



ЖЕБІРЕЙІЛ (Ғ.С.) ПЕРІШТЕ - УАХИДІ ЖЕТКІЗУШІ ЕЛШІ

Қасиетті Құран пайғамбарымызға уахи жолымен келді дедік. Уахи – Аллаһ тағаланың адамдарға білдіретін илаһи әмірі, жарлығы мен тыйым салуы және басқа да барлық хабарларын Жебірейіл (ғ.с.) періште арқылы яки бізге беймәлім жолмен тікелей пайғамбарларына жеткізуі. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с) уахи алған алғашқы пайғамбар емес. Хазіреті Адамнан (ғ.с.) бастап күллі пайғамбарларға уахи келген. Бұлардың кейбірінің есімдері Құранда берілген. Мысалы: **«Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да (Мұхаммед) уахи еттік. Ибраһимге, Исмайылға, Исхаққа, Яқубқа, Яқубтың ұрпақтарына, Исаға, Айуб, Юныс, Нарун және Сүлейманға да уахи еттік. Дәуітке Зәбурді бердік».** («Ниса» сүресі, 163 аят)

Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) Құран уахи арқылы түскен. Ол жайлы Қасиетті кітапта: **«Саған бұл Құранды уахи ету арқылы өзіңе тарихи әңгімелердің ең жақсысын баян етеміз».** («Йусуф» сүресі, 3 аят) делінген.

Уахидың да келуі бірнеше түрге бөлінеді. Құран Кәрім уахидың үш түрлі болатынынан хабар береді: **«Аллаһ бір адамға уахи жолымен ғана немесе перде артынан, не болмаса бір елші жіберіп өз рұқсатымен оған қалаған нәрсесін уахи етеді. Ол ұлы да хаким»** («Шура» сүресі, 51 аят).

Осы аятқа байланысты уахиды үшке бөліп түсіндіруге болады:

1. «Аллаһ бір адамға уахи жолымен» («Саффат» сүресі, 103 аят) аятына қарай уахиды тікелей пайғамбардың жүрегіне салады. Мысалы, хазіреті Ибраһимге түсінде “балаңды құрбан шал!” деп уахи етті. Бірақ уахидың осы түрі арқылы Құраннан ешқандай сүре не аят түспеген.

2. «Перде сыртынан» пайғамбарына уахи етуі. Аллаһ хазіреті Мұсаға (ғ.с.) Тұр тауында перде тысынан сөйлескен. Құранда: **«Оған Тұр тауында оң жағынан дауыстап, сөйлесу үшін Өзімізге жақындаттық»** («Мәриям» сүресі, 52 аят) делінген. Хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Мекке кезеңінде алдымен Ақса мешітіне, содан соң сол жерден Миғражға көтеріліп, Аллаһ Тағаламен сөйлесуі осы пердеден тыс уахына жатады.

3. «Бір елші жіберіп өз рұқсатымен оған қалаған нәрсесін уахи етеді». Аллаһ тағала уахиды адамдарға жеткізу үшін бір періштені пайғамбарына елші етіп жібереді. Соңғы кітаптың негізгі уахи түрі осы. Құран көбіне Жебірейіл (ғ.с.) арқылы түскен.

Сонымен қатар хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) «сүннет уахи» да келген. Бірақ Құран бұдан бөлек түскен. Яғни, Құран бейне бір жарлық секілді түссе, «сүннет уахи» оны қалай іске асыруды білдірген. Уахидың түсудегі әртүрлілігі сынды оның келу мәртебелері де болады. Уахидың келуі хақында Қасиетті Құранда нақты мағлұмат жоқ. Бірақ бұл мәселені хазіреті Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сөздерінен байқай аламыз. Хазіреті пайғамбарымызға (с.ғ.с.) уахи мына төмендегідей мәртебелермен келген:

1. Уахидың алғашқы мәртебесі түсінде көрген ақиқат түстері. Ол алдын ала болатын жайттарды түсінде көре бастаған. Бұл жайлы хазіреті Айша: *«Аллаһ Елшісінің көрген түстерінің бәрі таңғы шапақтай ап-анық келетін»*, - дейді.

2. Жебірейілдің уахиды Аллаһ Елшісінің ұйықтағанда емес, ояу кезінде жүрегіне салуы.

3. Жебірейіл (ғ.с.) періште жас жігіт түрінде Аллаһ Елшісіне (с.ғ.с.) уахиды әкелуі. Кейде ол аса көркем, сымбатты Духия әл-Кәлби деген сахаба түрінде келген. Бұл уахидың ең жеңіл

келген түрі.

4. Қоңырау үніне ұқсайтын түрде келген уахи. Бұл уахидың ең ауыр мәртебесі еді. Уахидың осы түрі ескерту мен қорқытуды қамтыған аяттарға тән. Мұндай уахи келгенде хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) уахи келіп біткенге дейін қатты дірілдеп, сөздің салмағынан қорыққан. Уахи аяқталғанда Құран сөздері жүрегінен орын алған. Бір хадисте Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) уахидың ең ауыр түрін былайша баяндайды: *«Кейде маған қоңырау үніне ұқсас үнмен келеді. Бұл маған ең ауыр тигені. Ол уахиды жеткізіп қайта кететін еді».*

5. Хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Миғраж түнінде Аллаһ тағаламен сөйлесуі түріндегі уахи. Аллаһ Елшісі Миғражда бес уақыт намаз бен «Бақара» сүресінің ақырғы екі аятын Ұлы Жаратушыдан тікелей алған.

6. Жебірейілдің (ғ.с.) нағыз өз түрімен көрініп, илаһи жарлықты жеткізуі. Ол осылай екі рет көрінген. Біріншісі, пайғамбарлықтың басталған жылдары Хира үңгірінде көрінгені. Ол алғашқы уахидың келіп, тоқтап қалған кезі еді. Аллаһ Елшісі Хира үңгірінде жүргенде, кенеттен көктен жаңғырған дауыс естіген. Аспанға қарағанда Жебірейілдің көк пен жердің арасында тақта отырғанын көрген. Мұншалық аспан мен жер арасындағы орасан зор келбетін көрген ол шыдай алмай талып қалған. Кейіннен оны екінші рет Миғраж кешінде көрген. Бұл уақытта хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жүрегі бұрынғыдай қорқыныш билемеген.




Міне, осылайша Аллаһ Елшісіне (с.ғ.с) алғашқы аяттар уахи етіліп, адамзатқа жолнұсқаушы, ақ пен қараны ажыратушы қасиетті Құран түсе бастады.

Құранның нәзіл болуы туралы хазіреті Айша анамыз (р.ғ.) былай баяндайды: «Аллаһ Елшісіне алғашқы келген уахи түсінде көрген «ақиқат түстерімен» басталған. Кейіннен ол елден бөлек оңаша қалуды қалады. Осыдан кейін Хира үңгіріне

барып, Аллаһ тағалаға құлшылық қылатын. Азық алу үшін ғана үйге келіп, көп кідірмей қайта кететін. Ақырында Аллаһ Елшісі Хира үңгірінде болған сол күндердің бірінде уахи келді. Оған періште келіп «Оқы!»,- деді. Ол: «Мен оқи алмаймын»,- деп жауап қайырды.

Аллаһ Елшісінің өзі былай дейді: «Сол уақытта періште мені қапсыра құшақтап алып, тынысым тарылғанға дейін қысты. Содан мені қоя берді де: «Оқы!»,- деді. Мен «Оқи алмаймын»,- деп жауап бердім. Ол мені қайта құшақтап «оқы» деді. Мен қайта оқи алмаймын» дедім. Ол үшінші рет қысып тұрып қоя беріп **«Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Қаламмен үйреткен Ол Раббың аса ардақты. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен»** («Алақ» сүресі, 1-5 аяттар) аятын оқыды».



Аллаһ Елшісі (с.ғ.с) осы аятты қабылдағаннан кейін тұлабойы дірілдеп үйіне келді де, әйелі Хадишаға (р.ғ): «Жамылғы әкеліп үстімді жап»,- деді. Оның қорқуы басылғанға дейін үстін жауып қойды. Кейіннен ол тұрып, жұбайына болған жайды баян етіп: «Өзімнен қорқамын»,- деді. Сол уақытта Хадиша: «Аллаһ тағаламен ант етейін! Раббың сені ешқашан ұятқа қалдырмайды. Өйткені сен туыстарға қарасып, әлсіздерге болысып, жарлыға жәрдем еткен һәм қонақтарды күтіп, хақ жолында халыққа көмектескен адамсың»,- деп дем берді.

Алғаш уахи келгенде хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) қырық жаста еді. (б.э.610ж). Бұл Рамазан айының Қадір түні болатын. «Бақара» сүресіндегі: **«Рамазан айы адам баласына тура жол және ақиқат пен жалғанды айыратын Құран түсірілген ай»** (185) аятында оның Рамазан айы екенін анық баян еткен. «Қадір» сүресінің: **«Расында, Құранды Қадір түні түсірдік»** («Қадір» сүресі, 1 аят) аятында да оның Рамазан айының Қадір түнінде түскенін анық білеміз. Ол күннің дүйсенбі екендігі бірауыздан мақұлданған. Бірақ Рамазан айындағы Қадір



түнінің қай түні болғандығы беймәлім. Ғалымдар арасында бұл Рамазан айының жиырма жетісі деген көзқарас басым.

Қасиетті Құран барша адам баласына түсіп, Оны терең түсініп, өмірімізге басшылыққа алуға шақырады. Жалпы Құран Кәрім туралы қаншама кітаптар жазылды, жазылып та жатыр. Әрине, Жаратушының сөзін тікелей әрі толық түсінуге қарапайым жандардың шамасы жетпейтін болғандықтан Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) сөзін жетекшілікке алып жазылған тәпсірлер (түсіндірме) жарыққа шыққан. Құран мен оның терең сырлы аяттарына түсініктеме берілген аудармалары да әлемнің көптеген тілдеріне жарияланды және оларға деген сұраныс та арта түсуде.

Ислам ғалымдары Қасиетті кітаптың кейбір ерекшеліктерін негіз етіп, Қасиетті Құранға анықтама берген. Бірақ бұлар оның барлық ерекшеліктерін қамтыған анықтама емес. Солардың кейбіріне тоқталайық.

1. Құран - хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) уахи арқылы түсіп, мұсхафтарда жазылған, «тәуәтүр» бұлтартпас хабарлар арқылы жеткен яғни, айтылған күннен осы күнге дейін саны көп шыншыл адамдар арқылы өзгеріп, бұрмаланбай сол күйінде жеткен, оқылуы ғибадат саналған мұғжизалы сөз.

2. Құран - «Фатиха» сүресінен «Нас» сүресінің ақырына дейін хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен, өзіне тән ерекшеліктерді қамтыған ғажайып сөздер.

Құранның бұдан басқа да бірнеше атауы бар. Алайда «Құран» солардың арасындағы ең көп қолданылған ат. Ақырғы кітаптың басқа атаулары Құранда көп берілген. Бұлардың кейбірі есім болса, кейбірі сипаттары. Бәзбір ғалымдар Құранның өзге атауы тоқсанға жуық десе де, түрік текті атақты ғалым Мұхаммед ибн Баһадүр ат-Түрки ал-Мисри Зәркәши (1344-1392) «әл-Бурхан» атты еңбегінде Құранның елу бес аты бар

«Көктер мен жердің жаратылуы мен түн мен күннің алмасуында сөзсіз көкірек көзі ашық жандар үшін аяттар бар».

екендігін айтады. Бұлардың көп қолданылатын кейбірін атап кетейік:

1. Әл-Китаб. Бұл сөз Құранда 230 мәрте кездеседі. **«Міне, осы Кітапта күдік жоқ, тақуалар үшін тура жол көрсетуші».** («Бақара» сүресі, 2 аят)

2. Әл-Фурқан. Ақиқат пен жалғанды айырушы, бейбіт мағынасына саятын бұл сөз Құранда 6 рет кездеседі. **«Күллі әлемге ескертуші болу үшін құлына Фурқанды түсірген Аллаһ тағала аса жоғары».** («Фурқан» сүресі, 1 аят).

3. Нур, Мубин. **«Расында, сендерге Аллаһтан нұр және «мубин» ашық кітап келді».** («Маида» сүресі, 15 аят).

Құранда бұдан басқа да Кәләм, һуда, Рахмат, Шифа, Танзил, Хадис, Уахи, Баян, Хақ, Әдл, Бушра, Қасас, Әзиз, Хикмәд, Хаблуллаһ, Рух, Муһаймин, Қайим, Зикр, Балағ, Мәжид, Уммул-Китаб іспетті т.т. атаулар бар.

Құран Кәрімнің аят және сүрелерден тұратыны белгілі. Ал аят сөзінің сөздікте - ишарат, анық белгі, дәлел, мұғжиза, нышан, ғибрат мағыналарын қамтиды. Негізінде Аллаһ тағаланың бар екенін танытатын әрбір зат аят болып саналады. Өйткені, ғаламзат жоқтан жаратылған. Ендеше, оның әрбір бөлшегі яки атомы Жаратушысына куәлік етеді. Әрі ол қозғалады. Демек, әрбір қозғалған нәрсе Аллаһ тағаланың қозғаушы құдіретін танытпақ. Әлемнің әрбір бөлшегі сәт сайын өзгеріп, түрден-түрге енеді. Олай болса, әрбір қайталанбас ғажайып түрден-түрге енген бөлшек дара Ұлы Жаратушысына айғақтық етуде. Әрбір атомның сансыз бөлшектері Ұлы Жаратушының басқан мұғжизалы мөр аяттары. Бұл мағыналарды Құраннан көруімізге болады:

а. Мұғжиза: **«Исрайыл ұрпақтарынан сұра. Оларға қаншама анық аяттар бердік».**

ә. Ишарат, белгі: **«Және олардың пайғамбарлары: "Оның**

патшалығының аяты; Раббыларыңнан сендерге көңілге тоқтау болатын сандықтың келуі. Онда Мұса, Һарун(ғ.с.) отбасына қалған мұралар бар,"-деді». («Бақара» сүресі, 248 аят).

б. Дәлел: **«Көктер мен жердің жаратылуы мен түн мен күннің алмасуында сөзсіз көкірек көзі ашық жандар үшін аяттар бар».**

в. Ғажайып іс: **«Мәриямның ұлын да, анасын да аят еттік».** («Мүминун» сүресі, 50-аят).

г. Ғибрат. **«Әлбетте, мұнда бір аят бар. Бірақ сонда да басым көпшілігі сенбейді».** («Шұғара» сүресі, 158 аят)

Бұл мысалдар - аят сөзінің тілдік мағынасы. Ал терминдік мағынасы- сүрелердің ішінде басы мен ақыры болған, яки бір немесе бірнеше сөйлемнен құралған сөздер жиынтығы. Өйткені, Құран аяттары әрі мұғжиза, әрі Пайғамбарымыздың пайғамбарлығына дәлел, һәм көкірек көзі ашық адамдар үшін ғибрат және естігенді таңдандырар нәрсе, әрі тура жол дәлелдері.

Құран Кәрім баршамызға белгілі болғандай аяттар мен сүрелерден тұрады. Құрандағы ең ұзақ аят - «Бақара» сүресінің 282-аяты. Ең қысқа аяттар Таһа, 20\1; Ясин, 36\1; Дұхан, 44\1; Рахман, 55\1,64; Мүддассір 74\21; Фәжр 89\1; Дұха 93\1; Асыр 103\1, т.б. Құран сөздерінің саны 77934 екендігі анықталған.

Құран аяттарының саны шамамен 6200 яки Ибн Аббас-тан келген хабар бойынша 6600 аят бар. Сонда да қырағат ғалымдары арасында 6204, 6214, 6219, 6225, 6236 дегендер де болған. Бұл жерде аяттар санының неге әр түрлі болғандығын айта кетелік:

1. Сүрелер басындағы «Бисмиллаһир Рахманир Рахим-ды» кейбір ғалымдар аят санаса, енді біреулері аят санамаған. Яғни, негізінде **«Бисмиллаһир Рахманир Рахим»** аяты сүренің ішінде бар. Міне, бәзбір ғалымдар: "Сүре ішіндегі осы аят жүз он үш



сүренің басына тәбәрік үшін қойылған, сондықтан, қайталанып қойылған ол сүре бастарында түскен аят болып есептелмейді", - дейді. Екінші бірі: «Бисмиллаһир Рахманир Рахим» сүре ішінде бар. Бірақ ол сүре бастарына тәбәрік үшін қойылмаған. Сол сүрелермен бірге қайталанып уахимен түскен. Сондықтан ол қайталанса да уахимен келгендіктен аят санының қатарына жатады дейді.

2. Кейбір ғалымдар бір аяттың аяқталған жерін «соңғы нүктесі» деп қабыл етсе, кейбір ғалымдар қабыл етпеген. Яғни, кейбірі бір сөйлемді бір аят деп қабыл етсе, енді біреулері бірнеше сөйлемді бір аят ретінде қабылдаған.

3. Кейбір Құран сүрелерінің басында тұрған «Мұқатта әріптері». *(Кейбір сүрелердің басында келген Алиф, Ләм, Мим секілді жеке-жеке оқылатын әріптер. Олардың толық әрі нақты мағынасын бір Аллаһ тағала біледі).* Бұлардың жеке аят болып, болмауынан туындаған. Яғни, кейбір ғалымдар оларды жеке аят емес, өзінен кейінгі тұрған сөздердің бастауы десе, енді бірі олар сүре басында жеке-дара тұрған аяттар болғандықтан жеке-жеке аят болып саналады дейді. Қолымыздағы Құрандағы қойылған аят сандары кейіннен қойылған.

Алғаш түскен аят «Алақ» сүресінің тұңғыш бес аяты екендігі ғалымдар арасында басым көзқарасқа жатады. Уахидың қалай басталғаны жайлы хабарлар осыны қуаттайды. Ең ақырғы түскен аятқа келсек, ғалымдар арасында біртұтас көзқарас жоқ. Ақырғы түскен аят хақында көзқарастар мыналар:

«Ей, мұсылмандар! Аллаһ тағаладан қорқыңдар. Егер сендер шын мұсылман болсаңдар пайыздан түскендерін алмандар». («Бақара» сүресі, 278-аят)

«Аллаһ тағалаға оралатын күннен қорқыңдар. Сонда әркімге өз табысы толықтай беріледі. Ешбір жанға әділетсіздік жасалмайды». («Бақара» сүресі, 281-аят)

«Олар сенен фәтуә сұрайды...» («Ниса» сүресі, 176-аят)

«Расында, сендерге араларыңнан ардақты Елші келді...» («Тәубе» сүресі, 128-129- аяттар)

«Аллаһ тағаланың жәрдемі мен жеңісі келген кезде...» («Насыр» сүресі, 1-3 аяттар)

«Бүгінкәпірлердіндеріңдібұзып,жоқетуденкүдерлерін үзді. Олардан қорықпаңдар. Менен қорқыңдар. Бүгін діндеріңді толықтырып, сендерге деген нығмет-ырысымды тәмамдадым. Сондай-ақ, сендерге дін ретінде Исламды қаладым». («Маида» сүресі, 3 аят)

Соңғы аяттар осы болар деген ғалымдар арасындағы көзқарастар жоғарыда келтірілген аяттарға тоқталады. Алайда ғалымдар арасында басым көзқарасқа ие ой - «Бақара» сүресінің 281- аяты.

Ал енді аяттардан құралған Құранның бөлімдері «сүре» деп аталады.

«Сүре» - сөздікте жоғары мәртебе, абырой, биік ғимарат, яки ғимараттың қабаттары, қамал деген мағынаға саяды. Терминдік мағынасына келсек, «аяттардан тұратын басы мен ақыры бар жеке Құран бөлімі». Өйткені, Құран қаланған кірпіштердей бір-бірін сүйеген аяттардан тұратын қаланың биік қамалына ұқсайды. Құранда 114 сүре бар. Ең қысқасы - үш аяттан тұратын «Кәусар» сүресі. Ал ең ұзағы - 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі. Сонымен қатар Қасиетті Құран сүрелері меккелік және мәдиналық болып екіге бөлінеді. Өйткені алғашқы аяттар Меккеде түскендіктен меккелік сүрелер деген атау берілген. Меккелік аяттар мен мәдиналық аяттар арасындағы айырмашылықтарды мынадан байқауға болады. Арабтар Исламнан бұрын қараңғылық дәуірде Аллаһ тағалаға ортақ қосып, 300- ден астам пұттарға табынған, жамандық жасауда жарысқа түскен. Өрі сол заманда арабтарда сөз және өлең өнері шырқау шыңында еді. Осындай заманда меккелік уахи олардың көгінен найзағайдай жарқылдап, күндей күркіреп келіп, түскен жасындай жалған сенімдерін жоққа шығарды. Құран оларды тәухидке, Аллаһ Тағаланың барлығы мен бірлігіне шақырып, пұтқа табынушылықтың жалғандығын дәлелдеп берді. Олардың қолдан жасаған яки жаратылған нәрсені пұтқа айналдырып, оны өздеріне құдай етіп алып, қор тіршілік кешкенін мұғжизалы тілмен түсіндірді.

Құран әлем Жаратушысының бір екендігін ғаламзатқа көз тастата отырып, ондағы әрбір нәрседе басылған Ұлы Жаратушының мөрін көрсеткен. Оларға бұрын өткен елдердің пайғамбарларына мойынсұнбағандары үшін жермен-жексен

болғандарын айтып, қатты ескертулер жасап, ғибрат еткен. Яғни, қатаң ескертіп, нәубет пен апаттардан хабар берген аят пен сүрелер және сүре басындағы «Мұқатта әріптер», Аллаһ тағаланың бірлігіне қатысты жаратылыс дәлелдерін біз Мекке кезеңінде түскен сүрелерден білеміз. Осыдан байқағанымыздай меккелік сүрелер иман негіздері хақында баяндалған. Адамдар Аллаһ Тағалаға иман келтіріп, ақ пен қараны ажыратқаннан кейін Құран Ислам заңдарына қатысты қағидалар әкеліп, қоғам жүйесі үшін ұстанымдар қойған. Бұл заңдылық, қағидалар түскен аяттарды біз Пайғамбарымыз Мәдинаға hijрат еткеннен кейін түскен аяттардан байқаймыз. Оның үстіне мәдиналық аяттар сырт көзге мұсылман көрініп, іштей көпір, екі жүзді мұнафықтардың жасырған құпияларын ашқан, христиан мен еврейлерге ақиқатты айтып, дәлелдеген аяттар болып келеді. Бұл да мәдиналық аят пен сүрелердің ерекшеліктері. Кейбір ғалымдар меккелік пен мәдиналық аят, сүрелер хақында өлшемдер қойған. Ол өлшемдер меккелік сүрелерде былайша көрінеді. Заңдардан гөрі иман ақиқаттары мен сенім негіздері жайлы сөз қозғаған, Құрандағы сәжде аяттарын қамтыған, «Жоқ, ешқашан» және «Ей, адамдар» немесе «Ей, иман еткендер!» деп түскен сүрелер, Пайғамбарлар мен бұрынғы өткен қауымдар жайлы сүрелер мен «мұқатта әріптермен» басталған сүрелер меккелік болып табылады.

Ал төменде берілген ерекшеліктер - мәдиналық



яғни, Пайғамбар (с.ғ.с) Меккеден Мәдинаға көшкенде түскен сүрелер тобына жатады.

Яғни, Қоғамға қатысты шарифат заңын мұрат еткен сүрелер, жиһадқа рұқсат пен жиһадтың заңдарын қамтыған сүрелер. Мұнафықтар жайлы айтылған әрбір сүре және «Анкабут» сүресі - меккелік болғанмен, оның басындағы мұнафықтар жайлы айтылған он бір аят - мәдиналық. Сонымен қатар әһли кітап иелеріне (христиандар мен йаһудилер) насихат айтып, оларды ақырғы кітаптың заңымен жүруге шақырған сүрелер («Бақара», «Әли Имран», «Ниса», «Маида», «Тәубе», «Бәййіна»). Алайда Пайғамбарымыз Мәдинаға hijрат етпей тұрып түскен сүрелер меккелік, ал hijрат еткеннен кейін түскен сүрелер мәдиналық деген ой ғалымдар арасында басым көзқарасқа ие болған.

Исламның барлық қағидалары Құран және Ардақты Елшінің (с.ғ.с) хадистерінен алынған. Мықты қоғам болу үшін адамзат Қасиетті Құранды басшылыққа алса, еш адаспай, барлық мәселелерді соның көмегімен шеше алады.



«Біз аяттарымызды
сыртқы әлемде
және өз іштеріңде
көрсетеміз. Сол
уақытта Құранның
ақиқат екендігі
айқындалады».
(«Фүссилат» сүресі,
53 аят).



«Расын-
да, Құранды
Біз түсірдік,
әлбетте, оны Біз
сақтаймыз»



ҚҰРАН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Құран Кәрімде қамтылған мәселелерді төмендегідей топтап түсіндіруге болады.

1. Әл-Улуһия. Тәухид мәселесі, яғни Аллаһтың бірлігі мен барлығы және Оның құдыреті туралы баяндар.
2. Ан-Нубууа (44 жерде бар - әрі қарай ж.б.). Пайғамбарлық жайлы және жалпы пайғамбарлар өмірлерінен өнеге бере отырып, олардың негізгі міндеттерін білдірген баяндар.
3. Әл-Адала (Әділдік, туралық, түзу – 27 ж.б.) уәл-ғибада (Ғибадат, құлшылық – 373 ж.б.). Ислам дінінің негізгі ұстанымдары болып табылатын әділдік және ғибадаттар хақында. Қоғамдық өмір сүру заңдылығы, сауда-саттық, азамматтық құқық пен жазалау т.б. мәселелер осы бөлімдегі адалат тақырыбы аясына кіреді.
4. Әл-Ахира. Ақырет күні жайлы, барша жан иелерінің бір жерге жиналып, әділдікпен есеп беретін күнгі жағдаяттар. Өлімнен кейінгі өмір туралы ашық баяндар. (143 ж.б.).

Қасиетті Құранда «Адам баласы» туралы 80-ге жуық аятта, Аллаһтың сипаттары жайында 192 аятта, әлемге байланысты

116-дан астам аяттарда, ғибадат туралы 107-ге жуық аяттарда ғылым-ақыл, ой жүгірту, ғибрат туралы аяттар 189-дан астам жерде келеді. Дін иман және жақсы жаман жол жайлы аяттар 123-тен астам жерде баяндалған. Қоғамдық тәртіп хақында 80-нен астам аятта, Құран туралы 150-ден астам аятта айтылған. Мінез-құлық жайында 300 жерде айтылған болса, иман тармағының бірі болған өлім және өлімнен кейінгі ахуал жөнінде 100-ден астам жерде баяндалған. Сонымен қатар, үй-іші тәртібі туралы 90-нан астам аятта баяндалып, экономикалық өмір 60-тан астам аятта айтылған.

Меккелік сүрелерден байқағанымыздай, алғашқы аяттар - Аллаһқа иман ету тұрғысында түсіріліп, халықты түрлі пұттарға табыну ұғымынан тазартып, бір ғана сенім келтіруді мақсат етті.

Адамның ақылы Ұлы Жаратушыны толық танып, біле алмайды. Өйткені пайым мүмкіндігі шектеулі, ал Ол – шексіз. Десек те, Оны Құранда әрі хадистерде айтылған сипаттары арқылы танып, білуге міндеттіміз.

Құрандағы Пайғамбарлық тақырыбына келер болсақ, Аллаһ Тағала:

«Кімде-кім Аллаһқа және Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет күніне иман етпесе, қатты адасады...» («Ниса» сүресі, 136 аят) – дейді.

Жер бетін нұрландырып, адамзатқа тура жол нұсқап, ақиқат пердесін ашып, екі дүние бақытын көрсету үшін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген жалпы пайғамбарлардың толық әрі нақты саны бір Аллаһқа ғана мәлім. Құранда тек 25 пайғамбардың (ғ.с.) ғана есімі аталған. Олар:

Адам, Идрис (2 ж.а), Нух (43 ж.а), Һуд, Салих (8 ж.а), Лут (17 ж.а), Ибраһим (24 ж.а), Исмаил (12 ж.а), Исхақ (4 ж.а), Яқуб (43 ж.а), Юсуф (27 ж.а), Шуғайыб (12 ж.а), Мұса, Һарун (20 ж.а), Дәуіт (16 ж.а), Сүлеймен (17 ж.а), Айуб (4 ж.а), Зулькифл, Юнус (4 ж.а), Илияс (2 ж.а), Әл-Йасағ (2 жерде аталады), Закария (7 ж.а), Яхия (5 ж.а), Иса (136 ж.а), Мухаммед (4 ж.а),

Ал Зұлқарнайн (3 ж.а), Ғұзайыр (1 ж.а), Лұқман (1 ж.а) пайғамбар яки үлкен әулие екендігі жайлы ғұламалар арасында түрлі пікірлер бар.

Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі барлық пайғамбарлар арнайы бір қауымға белгілі бір уақыт үшін ғана келсе, Мұхаммед (с.ғ.с.) қияметке дейінгі барлық адамзатқа ақырғы пайғамбар етіп жіберілуімен ерекшеленеді. Ол (с.ғ.с.) өзіне дейінгі барлық пайғамбарлардың ерекшеліктері мен мәртебелеріне ие болса, Оның (с.ғ.с.) таратқан ислам діні - алдыңғы барлық діндердің мән-мазмұнын қамтиды.


Құран өткен пайғамбарлар мен қауымдарды мысал ете отырып, Қасиетті Кітап түскен уақыттағы адамдарға және бүгінгі халықтарға ескерту-өнеге беріп келеді. Мысалы, Мұса пайғамбар өмір сүрген уақыт адуынды перғауынның Мысырды билеп тұрған тұсы еді. Перғауын өзін бәрінен үстем көргені соншалық биік ғимараттар тұрғызып, Исраил ұрпақтарын қатты қинаған. Ұлы Жаратушыға иман етуге шақырған Мұса пайғамбарды мойындамаған. «Мысырдың құдайы менмін» деп жариялап, Жалғыз Жаратушыға шақырған Мұсаны Мысырдан кууға тырысады. Перғауын оны өлтірмек болып қуып, Қызыл теңізден өткізбей ұстауға тырысады. Алайда иман еткен қауымымен қашып келе жатқан Мұсаны Аллаһ тағала залымдардың қолына бермей, оған қолындағы аса таяғымен теңіз ұруға бұйырады. Құранда бұл оқиға былай көрсетіледі:

«Таяғыңмен теңіз бетін ұр!» - деп Мұсаға (ғ.с.) уахи еттік. Сонда (теңіз) қақ бөлініп, екі жағы асқар таудай болып тұра қалды». («Шуғара»



сүресі, 63 аят). Осылайша Мұса мен қасындағылардың бәрі теңізден өтіп кетеді. Ал, тізгінін тежемей, Аллаһқа қарсы келіп, өркөкіректенген перғауын мен оның әскері суға батып, ойран болған. **«Мұсаны (ғ.с.), онымен бірге болған адамдардың бәрін құтқардық. Басқаларын (перғауын тобы) суға батырдық».** Әрине, осында ғибрат бар еді, бірақ олардың көбі бұған сенбеді». («Шуғара» сүресі, 65-67-аяттар).

Осы сүрелерде Исламды қабыл етпеген перғауынның ақырында теңізге батуға таянғанда амалсыз тілмен иман еткені айтылған. Алайда жаны алқымға келгенде иман еткен пенденің иманы қабыл болмайды. Сонда да болса, ешбір пенденің тозаңдай амалын құр жібермейтін



Аллаһ Тағала перғауынның денесін сақтайды. Аятта: **«Исраил ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда перғауын мен әскерлері жауыздық пен дұшпандық бойларын кернеп, соңынан қуды. Ақыр соңында ол теңізге батар сәтте: «Исраил ұрпақтары иман келтірген Құдайдан басқа құдай жоқтығына иман келтірдім. Мен де мойынсұнушылардан болдым» деді. «Енді ғана сендің бе? Расында, сен де бұрын қарсылық еткендердің бірі едің...» «Сенен кейінгілерге үлгі болу үшін дененді (жансыз түрде) құтқарамыз (сақтаймыз). Негізінде көптеген адамдар аяттарымыздан мүлде хабарсыз»** («Йунус» сүресі, 90-92-аяттар) делінген.

Осы аятта болашаққа қатысты мұғжизалық хабар бар. Ұлы Жаратушы тілмен болса да, иман еткен амалы үшін перғауынның суға батқан денесін шірітпей, келер ұрпаққа ой салып, күпірліктің аяғы немен тынарын білдіру үшін сақтайды. Перғауындардың негізгі мақсаты ұзақ жасау, сол себептен де олар денелерін мумиялап сақтаған. Ал суға батқан перғауынның денесі мумияланбағандықтан шіруі керек еді, бірақ Аллаһ тағала оның денесін тілмен иман еткені үшін де арманын іске асырып, бұл дүниелік қалауын берген. Яғни, оны шірітпей сақтап қалған.

Осылайша оның денесі біздің күнімізге жетіп, ғалымдар Қызыл теңіз жағалауынан мумияланбаған, сәжде еткен бойы өлген адамның денесін тауып алған. Бұл - сол перғауынның денесі. Өйткені, оқымыстылар оның сол ғасырда өмір сүрген адамның денесі екендігін анықтаған. Қазір ол Британия мұражайында тұр. Аллаһ Тағала оның денесін бүгінгі таңда

өзін құдай санап төкаппарланғандардың ақыры немен біткенін ғибрат етіп көрсету үшін сақтаған.

Бұдан басқа да Құранда болашаққа қатысты көптеген хабарлар бар. Уақыты келген хабарлардың бәрі де айдай анық шыққан. Бұл жөнінде Құраннан мынадай аятты еске сала кетейік: **«Біз аяттарымызды сыртқы әлемде және өз іштеріңде көрсетеміз. Сол уақытта Құранның ақиқат екендігі айқындалады»** («Фұссилат» сүресі, 53 аят).

Бұл аятта Аллаһ Тағаланың барлығы мен бірлігіне тиісті аяттар мен Құранның ақиқатын көрсететін дәлелдердің бірінен соң бірі айқындалатыны анық айтылған. Айтпақ ойымыздың дәлеліндей жаратылыстану ғылымдары, қазіргі физика, химия, медицина салалары өз тілдерімен Құранның ақиқаттығын паш етуде.

Қ ұ р а н д а ғ ы ғибадат пен әділдік мәселесі.

Иә, Ислам діні баршамызға белгілі бес тірекке құрылған. Алғашқысы әрі негізгі ұстыны – иман (ол жайлы 336 жерде айтылады), құлшылықтың ең негізгі бөлігі. Өйткені

Аллаһқа иланып, сенген құл өзінің басты міндетін түсініп, Оған құлшылық жасайды. Ол құлшылық намаз (43 ж.б.), ораза (13 ж.б.), зекет (32 ж.б.) және қажылық (11 ж.б) міндетін атқарумен болады. Соңғы екеуін Жаратушы Иеміз тек шамасы жеткендерден талап етсе, алғашқысы мен намазды барлық ақыл-есі бүтін құлдарына орындауды бұйырады.

Оразаны жылына бір рет келетін рамазан айында ұстау парыз болды. Аталған ғибадаттар рухани және тәнімізді сауықтырып, біздерге пайдалы болуымен қатар, қоғамдық жүйені де қамтиды. Алғашқы үшеуі - өзіміз үшін пайдалы болса, зекет - байлар мен кедейлер арасындағы байланысты жақсартып, қоғамдық тепе-теңдік орнауына ықпал жасайды.



Ал қасиетті Кағбаға зиярат етіп, қажылық міндетін атқару Аллаһтың бірлігін яғни, тәухид сенімін шыңдап, барша адам баласының бауырмалдығын арттыра түседі.

Ораза тәндік және рухани сауықтыру. Алайда біз оны ең бастысы, Аллаһтың ризалығы болғандықтан орындап, құлшылығымызды күшейтеміз. Намаз оқуымыз үшін дәрет алу міндет. Олай болса, бүгінгі күнгі ғылымда расталған сауықтырулар мен ең басты тазалық мәселесі негізгі ұстанымдар ішінде қалыптасқан. Қасиетті Құран осы мәселелерді қамтып, бізге екі дүние есігінің кілтін ұсынған.

Сонымен қатар жоғарыда айтып өткеніміздей, әділдік, заңдар т.б қағидалар, отбасы экономикалық өмір, жазалаулардың бәрі де Құраннан бастау алады. Бұның өзін жеке бөлімдерге бөліп қарастыруға болады.

Құранда айтылған тақырыптың төртіншісі ақыретке байланысты. Ол да Қасиетті кітаптағы өзекті мәселе. Өлгеннен кейін қайта тірілу, мәңгілік өмірдің бары – Исламда, тіпті, жалпы барлық әлемдік дәстүрлі діндерде негізгі сенімдердің бірі. Мәңгілік өмірге құштар боп, шексіз өмірді аңсап-армандап зыр жүгірген адам баласының тулаған жүрегі мен мазасызданған көкірегі, өлгеннен кейін қайта тірілу сенімі арқылы ғана жай тауып, санасын шырмаған күрделі сауалдардың жауабына сол кезде ғана қол жеткізеді.

Ұлы Жаратушының адам баласының екі дүние бақыты үшін түсірген ақырғы кітабы – Құран Кәрімнің өлгеннен кейін қайта тірілу тақырыбын жалпы кітаптың шамамен үштен бірінде сөз етуі – бұл сенімнің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Ақыреттің болатыны күмәнсіз хақ. Ақырет - сөздікте «бір нәрсенің соңы, ақыры, кейіннен болған нәрсе» деген мағыналарды қамтиды. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы, жаратылыстағы жалпы жүйенің Ұлы Жаратушының бұйрығымен күл-талқан болғаннан кейін басталатын жаңа мәңгілік өмірге қатысты айтылады. Бұл күн қиямет-қайымнан соң басталуына байланысты «қиямет күні» деп те аталады.

Құранда ақырет күніне: мұсылмандардың

Аллаһпен жүздесетін күні болуына орай «жүздесу күні»; адамдар және барлық жаратылыс бір жерге шоғырланып, жиналатындығы үшін «жиналу күні» («Тағабун» сүресі, 9-аят); қайта тірілгеннен кейін адамдардың бәрі қабірден қайта шығатындығы үшін «шығу күні» («Мүминин» сүресі, 15 аят); мына дүниеде Аллаһ тағалаға иман етіп, бұйрықтары мен тыйымдарына құлақ салмағандардың алданып қалғандықтарына қарай «алдану күні» («Тағабун» сүресі, 9-аят); және көпірлердің бұл дүниеде істеген істерінің босқа кеткенін көрген кезде өкініп, сандарын ұрып мына дүниеге қайта қайтып, иман етіп, жақсы амал жасағысы келгенімен бұл армандарының орындалмайтындығы үшін «қасірет күні, өкініш күні» («Марям» сүресі, 40-аят.); дүниеде істелінген ізгі немесе жаман істердің қарымының, есебінің берілетін күні болғандығы үшін «есеп күні» («Фатиха» сүресі, 4 аят); мына өткінші жалған дүниеден кейін болатын мәңгі шынайы өмір болуына байланысты «шынайы өмір» («Анкабут» сүресі, 64-аят) деп те аталды.

Исрафил періштенің сырнайды екінші рет үрлеуінен кейін барлық адамдар қайта тіріліп Ұлы Аллаһ тағала алдында есепке тартылады. Сосын дүниедегі иман және іс-әрекеттеріне қарай жұмаққа (ол туралы - 143 ж.б.), яки тозаққа (ол туралы 77 ж.б.) барады. Міне, Құранда қамтылған негізгі мәселелерді қысқаша түсіндіргенде осындай сипат алады.

Ақырет күнінің Құранда маңызды орын алуын төмендегіше де түсіндіруге болады. Өлімнен кейін қайта тірілуге толық иланған кез келген адамның қоғамдағы сенімді тұлғаға айналары сөзсіз. Себебі оның сенімі бойынша, Ұлы Жаратушысы оның істеген әрбір ісін көріп тұр. Бұған қоса адамның барлық қимыл-әрекеттерін екі иығындағы періштелер жазып, есепке алуда. «Зилзала» сүресінде айтылғандай: **«Кімде-кім тозаңдай жақсылық істесе,**

жақсылығының қарымын алады. Ал кімде-кім тозаңдай жаманшылық істесе, оның жазасын тартады». («Зил-зала» сүресі, 7-8-аяттар)

Істеген әрбір ісінің, басқан әрбір қадамының, сөйлеген әрбір сөзінің ертең о дүниеде есебін беретінін ойлап, жүрегімен бек сенген адам жаманшылық атаулыдан, жалпы күнәдан алыс жүреді. Өйткені иманды адам істеген қиянаттарының жазасынан бұл дүниеде құтылғанымен, о дүниеде құтылмайтынын ойлап, күнәларының есеп күні алдынан «қайдасың» деп жағасынан алып, масқара ететініне кәміл сенеді. Бұған қоса ана дүниеде қайта тірілетініне сенген кез келген адам өзін жаратқан Ұлы Иесінің ризашылығын алып, жәннатында сыйсыяпатқа кенелуі үшін барлық өмірін ізгі істермен өрнектеп, жақсы амалдармен кестелеуге тырысып бағары сөзсіз.

Ақыретке кәміл сенген адам ешқашан өлімнен қорықпайды. Өлім – ол үшін жоқ болып, шіріген сүйекке айналып, мәңгілікке көз жұму емес, керісінше, екінші бір мәңгілік өмірге көшу, жалған дүниеден бақилыққа – негізгі дүниеге қоныс аудару. Ал ақыретке сенбеген адам үшін өлуден қорқынышты еш нәрсе жоқ. Өйткені олар үшін өлім – жоқ болып, тіршілік бетінен мәңгілікке өшу деген сөз. Үмітсіздік, сенімсіздік сияқты қараңғы ой-пікірден жарық нұрға, үміт толы өмірге алып шығатын жалғыз күш, дара медет – ақыретке, қайта тірілуге деген берік сенім ғана. Сонымен қатар өлімнен кейінгі өмірге сену адамды қара басының ғана қамын ойлау сияқты өзімшілдік, дүниеқоңыздық сияқты қылықтардан сақтайды. Басқа адамдарға жақсылық жасап, ақиреттік жемісін күтеді. Мұндай жақсылық жасауды өмірлерінің түп мақсаты еткен адал жандардан құралған қоғам – жер бетіндегі ең бақытты қоғам. Сонымен бірге залымдардың зұлымдығына ұшыраған, ақысы кеткен пенделер үшін де ақыретке сенімнің пайдасы зор. Өйткені бұл дүниеде ала алмаған ақысын қияметте әділ





Жаратушының алдында қайтарып алмақ.

Напақа (77 жерде бар), нығмет (130 ж.б), рақым (156 ж.б), Рахман (57 ж.б), Рахим (117 ж.б), сәжде ету (90 ж.б), ғафілеттік (қаперсіздік) (35 ж.б), мағфират, күнәсін кешіру (224 ж.б), тағат (74 ж.б), жиһад (42 ж.б), күпірлік (612 ж.б), үкімет (64 ж.б). Қасиетті Құранда сондай-ақ тақуа, тақуалық (292 ж.б), тауба ету (88 ж.б) туралы да өнегелі сөздерді кездестіреміз.

Енді осы қасиетті кітаптың бізге қалай жеткені және қалай жазылып, қалай сақталғаны жайына да қысқаша тоқталайық. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың әріп танымағаны белгілі. Сондықтан да Аллаһтың Ел-

шісі болып, уахи келгенде оны қасындағы сахабаларының оқу-жазу білетіндері жазып отырған. Уахи хатшылары Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) қасында болған. Құранның алғаш түскеннен бастап жазыла басталғаны айдан-анық. Өйткені, Құран пұтқа табынушылардың қарсылықтарын былай баяндайды: **«Олар «Құран бұрынғылардың аңыздары. Оны жазып алып, ертелі-кеш оқиды» дейді.** («Фұрқан» сүресі, 5-аят) һижраттан бұрын сегізінші ғасырда хазіреті Омардың мұсылман болу тұсында уахидың жазылғаны байқалады. Өйткені, ол қарындасының үйінен «Таһа» мен «Такуир» сүрелері жазылған парақтарды тауып алған. Хазіреті Османның мына сөздері де осыны қуаттайды: «Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) уахи келген кезде хатшыларының бірін шақырып алып: *«Мына аяттарды пәлен аяттарды қамтыған сүреге қой»* дейтін».

Хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) уахи келіп тоқтаған замат хатшыларын шақырған. Хатшылар жазып біткенде, жазғандарын дауыстап оқуларын талап еткен. Егер жазушы кейбір жерде қателессе, дереу дұрыстаған.

Зәйд ибн Сәбит бұл жайлы былай дейді: «Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) келген уахиды маған жаздыратын. Егер бір жерде

қателік яки нұқсандық болса, дереу түзеттіретін. Ақырында іс аяқталғанда, жаңа келген уахиды адамдарға жеткізетін едім».

Уахи жазушыларының саны шамамен қырыққа жетеді. Бұлардың атақтылары Әбу Бәкір, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Абдуллаһ ибн Сад, Зәйд ибн Сәбит, Зубәйр ибн Аууам, Убәй ибн Каб, Халид ибн Сайд, Әббән ибн Сайд, Муғауия ибн Әбу Суфиян, Ханзала ибн ар-Рабиғ, Муайқыб ибн Әбу Фатима, Абдуллаһ ибн Аркам, Шуранбил ибн Хасан, Абдуллаһ ибн Рауаха.

Ибн Хажар Асқалани (1372-1449) Құранды алғаш рет Меккеде хатқа түсірген Абдуллаһ ибн Сад ибн Әби Сарх деген сахаба екендігіне куәлік етеді. Мәдинада алғаш рет уахи жазушы Убәй ибн Каб болған. Убәйден кейін үнемі Зәйд ибн Сәбит жазған.

Негізгі деректер бойынша алғашқы Құран аяттары иленген теріге, құрма ағаштарының жапырақтары, ақ тастарға жазылған. Сонымен қатар ол иленбеген теріге, түйе, қой сияқты жануарлардың жауырын сүйектері, мата сияқты жазылу мүмкіндігі бар заттарға да жазылатын.

Сондай-ақ, Құранды сақтау үшін жазуға қарағанда, жаттау әлдеқайда қолайлы тәсіл еді. Сахабалар әрі намазда, әрі жеке қалғанда Құранды үнемі қайталап отырған. Құранның бөлек-бөлек түсуінің бір хикметі де оның оңай жатталуына жағдай жасалуы еді. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаңа түскен аяттарды алдымен ерлерге, содан кейін әйелдерге оқып беретін. Сахабалар барлық өмірін Құранмен өткізіп, уахи шаңырағында тәлім-тәрбие алған. Олардың тақуалық өмірлерінен бастап, Аллаһ жолындағы күрестерге, қоғамдық қарым-қатынас және Пайғамбарымызға қалай сөйлеу керектігіне, тамақ ішу әдептілігіне тіпті сыбырлап сөйлескендері мен іштей ойлағандарына дейін білдіріп, тәрбиелеп отырған.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әр жылы Рамазан айында Құранның сол уақытқа дейінгі түскен бөлімін Жебірейілмен (ғ.с.) бірге бір-бірлеріне оқып, яғни, Құранды тек қана бір жақты емес, бір-біріне қайталап тапсырып тұратын. Ибн Аббас: **«Аллаһ Елшісі жақсылық жасауда адамдардың ең жомарты еді. Әсіресе оның көңілінің дархан кезеңі Рама-**

зан айы болатын. Өйткені, Жебірейіл Рамазан айының әр түні Аллаһ Елшісіне келіп, одан Құран тыңдап, тексереді...» десе, Әбу Һурайра **«Жебірейілдің (ғ.с.) Рамазанда әр жылы Аллаһ Елшісіне Құранды бір рет оқығанын, ал қайтыс болар жылы екі рет оқығанын»** айтады.

Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз сол күнге дейін түскен аяттардан тұратын Құранды бастан-аяқ оқығанда, сахабалар да қолдарындағы Құранның түпнұсқаларын алып келіп, қателіктері болса, түзетіп отырған. Бұл жерде айта кетер бір мәселе, Жебірейіл (ғ.с.) Аллаһ Елшісін (с.ғ.с.) тыңдаудағы мақсат – оның қателіктерін, яки ұмытқандарын түзету емес, біріншіден, Құранның сақталу жолын мұсылмандарға үйретіп, оның Аллаһ үшін қаншалықты маңызды екенін білдіргендігі. Екінші, мәселе сол жылға дейінгі аят пен сүрелердің қалай бір-бірінің жалғасын тауып орналасқанын тағы бір анықтау. Үшінші, сахабалардың жазған, яки жаттағандарын түзетіп, бірлікке шақыру һәм Құранның кейіннен бір кітап болып жиналуына жағдай жасау-ды.

Қазір Рамазан айында мешіттерде қарилардың Құранды хатым етуі де пайғамбарымыздан қалған сүннет. Құранды осылайша бастан-аяқ жатқа білмейтін яки араб тілінде оқи алмайтын халыққа бастан аяқ тыңдату қияметке дейін жалғаспақ.

Енді Құранның бір мұқаф етіп жазылуына келер болсақ, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уақытында көптеген хатшылардың қолдарында Аллаһ Елшісі арқылы түзетілген түпнұсқалар болған. Уахи келіп біткен кезде Ол түскен аяттардың яки сүрелерді Құранның қай жеріне қою керектігін нұсқайтын. Яғни, басынан соңына дейін аят пен сүрелер белгілі бір жүйемен орналасқан. Бірақ барлығы біртұтас етіліп, «Мұсхаф», яғни кітап етілмеген еді. Олай болуының себебі де бар-ды яғни хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз өмірінің ақырына дейін уахи келуі



мүмкін болғандықтан, ол тірі күнінде Құран толық бітті деп, бір кітап етіп жинақтай алмайтын еді.

Сондықтан да, ол өмірден өтер кезі жақындаған уақытта ғана уахи тоқталғаны айқындалып, Құран алғашқы халифа хазіреті Әбу Бәкір кезінде бір кітап етілді. Құранның оның кезінде жиналып бір кітап етілуінде де бірнеше себептер болған. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тірі кезінде Құран жазылған парақтар бар болғанмен олар ресми емес еді, өйткені ол кезде Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с) өзі бар-ды. Сондықтан да Ол Құран мәтінінің сенімді кепілі-тін. Бірақ кейіннен келген халифаның мұндай ерекшелігі болмағандықтан, жазылған парақтарды екі мұқаба арасына жинап, бір кітап ету қажеттілігі туды. Сондай-ақ, Құранның кейбір түпнұсқаларында кішігірім қателіктер де болуы мүмкін-ді. Осындай бірқатар себептерге байланысты дәл қазір жинап алмаса, сахабалардың кейбірінде ғана болған қысқа түпнұсқалар, олар бұл өмірден өткенде жоғалып кетуі мүмкін-ді. Сондықтан да мәтіндердің бәрін жинап, бір кітап етуі қажет болды. Әрі ол кітапты сахабалар қолдарындағы түпнұсқалар мен жаттаған Құран арқылы растап, әрі кейбір адамдардың жеке қателіктерін дұрыстап, нәтижеде үмбеттің бәрі бірауыздан қабыл еткен «Имам мұсхаф» (Негізгі кітап) түзбек болды.

Тағы бір себеп – Ямама соғысында көптеген сахабалар шейіт болды. Осы бүлікті ұйымдастырған жалған пайғамбар «Мусайламәту-л-каззаб» лақабымен аты шыққан Мусайлама деген еді. Ол хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз өмірінің ақырына таман өзін пайғамбар жариялап, Құранға еліктеп сөз ұяқастырып, көптеген адамдарды әскер қатарына тартты. Хижраның он екінші жылында мұсылмандармен соғысты. Оған Құранды жатқа білетін көптеген сахабалар да қатысты. Онда қарилардан жетпіс кісі шейіт болды. Осынау жағдай хазіреті Омарды ойландырды. Дереву халифа Әбу Бәкірге барып, «Құранның жоғалып кетуі қаупі бар. Тез арада түпнұсқаларды жинап, бір кітап ету керек» деген ұсыныс жасады. Алайда халифа ұсынысты алғашқыда қабыл ете алмай терең ойға қалды. Өйткені, хазіреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) жасамаған ісін жасау оған өте ауыр тиген. Оның бұлай екі ойлы болуы: егер Құран бір кітап етілсе, көбейтілсе адамдар

оны жаттауға немқұрайды болып кетпей ме деген күдік еді. Ақырында, ол Құранды жинауға бел буып, Зәйд ибн Сәбитті шақырып, Құранды жинауға ұсыныс жасады. Ол осы мәселені былай баяндайды: «Ямама соғысынан кейін мені Әбу Бәкір шақырып алды. Омар жанында еді. Халифа маған: «Омар Ямама күні көптеген қари сахабалардың шейіт болғанын, бұлай бола берсе, қарилар қалмай, Құранның кейбір бөлігі жоғалып кетуі мүмкін екенін айтып, Құранды бір кітап етуді ұсынды. Мен «Аллаһ Елшісінің жасамаған ісін қалай жасамақпын?» дедім. Ақырында, Аллаһ тағала осыны көкейге қондырып, оның пікірін мақұлдадым. «Сен жас әрі ой-өрісі кең адамсың. Сені елдің бәрі жақсы таниды. Сен Аллаһ Елшісінің уахиын жазған адамсың. Ал қазір кідірме. Тез Құранды жина», - деді. Мен «Аллаһ Елшісінің жасамаған ісін қалай жасамақпын?»,- дедім. Халифа: «Аллаһ атымен ант етейін, бұл ісің жақсылық», - деді. Бірақ Аллаһ атымен ант етейін, бір тауды маған тасы деп бұйырса, бұл істен әлдеқайда жеңіл болар еді. Әбу Бәкір де мені көндіруге тырысып, сөзін жалғастыра берді. Ақыры, Аллаһ тағала ол екеуінің жүрегіне салғандай, ол істі менің де көкейіме қондырды. Бұдан кейін құрма жапырақтары мен жеңіл ақ тастар, керамика тастарында жазылған Құран нұсқаларын қарилардан жинай бастадым», - дейді.

Осылайша қасиетті Құран жинақталып, Осман ибн Аффанның (р.ғ.) халифалығы тұсында «Имам Мұсхаф»-тан төрт дана Мұсхаф көшірілді. Біреуі - Мәдинада қалды. Қалған үшеуі - Шам, Куфа, Басраға жіберілді. Кейбір хабарларда осы кітаптардың жетеу болғандығы айтылады. Сонда қалғандары Мекке, Йемен және Бахрейінге жіберілген деседі.

Адамзатқа ақ пен қараны ажыратып, туралық пен шыншылдықты ту етіп берген қасиетті Құран біздің заманымызға осылайша жетіп, түскеніне он төрт ғасыр өтсе де, ешбір әрпі өзгерместен, бұрмаланбастан сақталуда. Оның негізгі түсірушісі Ұлы Жаратушы Құранды ақырзаманға дейін Өзі қорғайтындығын білдірген. Қасиетті Кітапта ол жайлы: **«Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, оны Біз сөзсіз сақтаймыз»**, - делінген («Хижр» сүресі, 159 аят).

МӘҢГІЛІК АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Өткен тарих көшіне көз салсақ, әу баста мәңгілік шырақтай жарқ етіп, артынша ғасыр қойнауының тереңіне батқан қаншама идеяларды көреміз. Өйткені, фәни пенденің ой-пікірлері де фәни болмақ. Алайда, Құран мұндай фәниліктен мүлдем таза. Керісінше, заман қартайған сайын ол жаңарып, жасаруда. Оның бұдан он төрт ғасыр бұрын қойған ұстанымдары әлі күнге дейін құнын жоғалтқан емес. Қасиетті Құранның: **«Жетімдердің мал-мүліктерін беріңдер. Жаманды**



жақсымен алмастырмандар. Олардың мал-мүліктерін өз мал-мүліктеріңе қосып жемендер. Ол сөзсіз үлкен қылмыс» («Ниса» сүресі, 2-аят), «Негізінен Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдар арасында билік еткенде әділдікпен үкім берулеріңді әмір етеді» («Ниса» сүресі, 58-аят) деген аяттардағы жетімдердің ақысын жемеу, аманат пен міндеттердің лайықтыларға берілу, әр нәрсеге әділдікпен үкім берілу ұстанымы, **«Негізінде Аллаһ әділеттілік пен игілік-жақсылықты және ағайын-туысқа қарасып, жәрдем етуді әмір етуде. Және де арсыздыққа, жамандық жасауға һәм азғындыққа тыйым салуда. Сөздерінде тұрар, ойланар деп Ол сендерге насихат беруде»** («Нахыл» сүресі, 90-аят), **«Аллаһтың қол астына алынған елден Елшісіне берілген олжалары Аллаһқа, Елшісіне, жақындарына, жетімдерге, кедейлерге және жолда қалғандарға тиесілі нәрсе. Олар байлар арасында айналған мал-мүлік болмауы керек»** («Хашыр» сүресі, 7-аят) аяттарында байлық пен мал-мүліктің тек қана байлардың қолында болмау ұстанымы, **«Кімде-кім кісі өлтірмеген яки жер бетінде лаңкестік жасамаған жазықсыз біреуді өлтірсе, ол адам барлық адамзатты өлтіргенмен бірдей»** («Маида» сүресі, 32-аят) аяттарындағы ұстанымдар мәңгілік жасайтын мызғымас қағидалар. Бұлар заманның барлық ағымына бірдей қажетті тірек-негіздер. Сол сияқты да жеке тұлға, отбасы, қоғамды ашкөз ететін өсімқорлық, құмарлық ойындары, ішімдік пен зинақорлық, жалғандық, жала, ысырапшылдыққа тыйым салынуы, адамды «толық адам» шыңына жеткізу, бұл дүниенің өзінде жәннатқа ұқсас рахат өмір сүру үшін намаз, ораза, зекет, қажылық, т.б. ғибадаттар, сонымен қатар ең жақсы, ең көркем мінез қағидалары, Ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншілікке ынталандыру, жеке тұлға, отбасы, қоғамның бақыттылығы үшін қойылған идеал өлшем Жаратушы Жаппар Иенің сөзі екендігіне бұлтартпас дәлел, айнымас айғақ.

Құран Аллаһ тағаланың сөзі болғандықтан онда ешбір қарама-қайшылық, ешқандай кемшілік, қателік жоқ. Адам

**«Жетімдердің мал-мүліктерін беріңдер.
Жаманды жақсымен алмастырмаңдар. Олардың
мал-мүліктерін өз мал-мүліктеріңе қосып жемендер.
Ол - сөзсіз үлкен қылмыс»
(«Ниса» сүресі, 2-аят)**

баласы пенде болғандықтан қателіктерге бой алдырмай тұрмайды. Кемеңгер де болса, кейінгіге өшпес мұра етіп қалдырған туындыларынан келер ұрпақтар оның қателігін яки кемістіктерін тауып, толықтырып жатпақ. Ешбір адам баласы өз ақыл-ойымен ақиқаттың шыңына шығып, соңғы нүкте қоя алмаған, оған тарих куә. Тек, Құран ғана әу бастан-ақ ақиқатпен басталып, ақырғы аят ақиқатпен аяқталған. Оны түскен ғасыры да, қазірге дейінгі ғасырлар да, осы шақта да ешбірі сынап, қарама-қайшы пікір таба алмаған.

Құран тақырыптары өзге кітаптардағыдай жеке-жеке емес, бір-бірімен қиюласып кеткен. Мысалы, бір сүре яки ұзақ бір аяттың ішінде қаншама тақырыптар баяндалған. Осылай баяндалу түрі адам баласы жазса, қарама-қайшылыққа әкеп соғар еді. Ал Құрандағы бір сүредегі әр түрлі тақырыптар өзара тығыз ұштасып, астасып келіп біртұтастықты құраған.

Әрі көптеген сүрелердегі тақырыптар бір мезгілде біртұтас болып түспеген. Әр уақыттарда мысалы бір аят Меккеде, келесі бір аят қаншама жылдан кейін Мәдинада түскен. Әрі әртүрлі сұрақтар мен әртүрлі адамдарға қатысты нәзіл болған. Осы жағдай сүрені қарама-қайшылыққа соқтырудың орнына ажырамас біртұтастыққа жеткізген. Демек, әртүрлі тақырыптар мен әр түрлі сұраққа жауаптардың әртүрлі уақыттарда түсіп, бір-бірімен тығыз байланысып, біртұтас болуы Құранның адам сөзі еместігіне дәлел.

Құранда Хақ тағала: **«Расында, Құран Аллаһтан өзгенің сөзі болғанда, одан көптеген қайшылықтар табар еді»** («Ниса» сүресі, 82 аят),- дейді.



ҚҰРАН және ҒЫЛЫМ



Құран Кәрімнің енді-енді кейінгі ғасырларда ғана ашылып жатқан көптеген ғылыми жетістіктерді осыдан он төрт ғасыр бұрын яғни, микроскоптан, телескоптан мақұрым қараңғы бір ғасырда қорытынды түрде дөп басып айтып кетуі көптеген батыс-шығыс ғалымдарын таңғалдырып, Исламға бас идірген. Бұл Құранның авторы Мұхаммед (с.ғ.с.) емес, Аллаһ тарапынан жіберілгендігін айқын білдіреді.

Өсімдіктердегі аналық-аталық ұрықтарының ғылыми тұрғыдан соңғы ғасырларда ғана зерттеліп айқындалғаны мәлім. Ал, Құран мұны он төрт ғасыр бұрын былай деп көрсеткен:

«Жерден өніп-өсетін барлық өсімдіктерді және өздерінді және сендердің т.б. білмейтін нәрселерінді жұп-жұп қып жаратқан Аллаһ қандай пәк» («Ясин» сүресі, 36-аят).

не байланысты соңғы ғасырда ашқан жаңалықтарының бірі Құранның «Рахман» сүресінде былайша баяндалады:

«Аллаһ тағала екі теңізді ағызды, олар бір-бірімен қабысады, бірақ араларында перде болғандықтан бір-бірімен араласпайды». («Рахман» сүресі, 19-20-аят).


Иә, бір-бірімен қосылып жатса да сулары араласпайтын теңіздердің жоғарғы аятта айтылған ерекшелігі жақында ғана мұхит зерттеушілері тарапынан Жерорта теңізі мен Атлант мұхитының тоғысқан жерінен табылды. Ғасырлар бойы бір-бірімен түйісіп тұрған теңіз суларының тығыздықтарының әр түрлі болуы – екі теңіздің суларын бір-біріне араластырмай ортада көрінбейтін бір қабырға бардай боп тұрады.

Жердің айналу бағыты жайлы Құранда:

«Тауларды көріп, оларды тапжылмай тұр деп ойлап қаласың. Ал олар болса, бұлттардың көшуі тәріздес жылжуда». («Нәміл» сүресі, 88 аят)

Аллаһ тағаланың адамдардың ақиқат аясында өмір сүрулері үшін шырақ етіп түсірген қасиетті Құранның бұл аятында Жердің тек айналуы ғана емес, сонымен қатар оның айналу бағыты да таңғаларлық білгірлікпен айтылып кеткен. Қазіргі заман ғылымының қол жеткізген жаңалықтарының бірі – 3500-4000 м биіктіктегі негізгі бұлт жиындарының қозғалыс бағыты әрқашан батыстан шығысқа қарай жылжитыны. Ауа райын болжау үшін көбінесе батыстағы жағдайға назар аударылуының себебі де содан.

«Тауларды көріп, оларды тапжылмай тұр деп ойлап қаласың. Ал олар болса, бұлттардың көшуі тәріздес жылжуда».



Ал, бұлт жиындарының батыстан шығысқа қарай қозғалуының негізгі себебі – Жердің айналу бағыты. Өйткені жер батыстан шығысқа қарай айналатыны белгілі. Кейіннен белгілі болған бұл ғылыми ақиқат бірнеше ғасыр бұрын қасиетті Құранда айтылып қойылғаны керемет.

Құранның тағы бір баға жетпес мұғжизаға толы аяты ана құрсағындағы сәбидің өсу кезеңдеріне тоқтала келе, алдымен сүйектер бітіп, кейін сол сүйектерді бұлшық еттер қаптайтыны туралы былайша сыр шертеді:

«Расында, біз адамды нағыз (сүзілген) балшықтан жараттық. Сосын оны шәуеттің бір тамшысы күйінде мықты жерге орналастырдық. Сосын ол тамшыны алақаға (жабысқақ ұрықтанған клеткаға), сосын оны мудғаға (бір тіс-тем ет көрінісіндегі жаратылысқа), сосын мудғаны сүйектерге айналдырдық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын оны басқа бір жаратылыс жасадық. Аллаһ – ең керемет Жаратушы». («Муминин» сүресі, 14 аят).

Ана құрсағындағы сәбидің өсіп-жетілуін зерттейтін эмбриология ғылымы – көпке дейін сүйектер мен бұлшық еттер бірге құралады деген қате тұжырымда болып келді. Тек технологияның дамуы нәтижесінде ақиқат айғақтарына қол жеткізіліп отыр.

Шынымен-ақ, физика ғылымы, су асты зерттеулері, тығыздық өлшемі сияқты нәрселер, адамның үш ұйықтаса түсіне кірмейтін дәуірде Құранның бұл ғылыми ақиқатты дөп

басып баяндауы, Құран мәңгілік құндылықтарға бай, Ұлы Жаратушының сөзі екенін көрсетеді.

Осындай көптеген Құран аяттарының кереметіне таңғалып, оның Иләһи кітап екендігін мойындаған атақты батыс-шығыс ғалымдарының айтқан сөздерінің ойланғанға ғибраты мол. Мысалға: С. Харт: “Құран Аллаһ тарапынан Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) уахи арқылы жіберілген”, Жан Поуль Роул: “Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ең үлкен мұғжизасы - періште арқылы жіберілген Құран Кәрім”, Виктор Имбердес: “Құран бүтін заң негіздеріне қайнар көзі бола алатындай бай кітап...” десе, Доктор М. Букайле Құранның көптеген ғылыми жетістіктердің негізін қамтығандығын толық зерттеп және ондағы басқа да ақиқаттарға тәнті болып, мұсылман болғандығын, М. Родвел “Құранды оқыған сайын таңғалатындығын...” айтқан. ал Гете: “Бұл кітап (Құран) мәңгілік қуаткүштің қайнар көзі болып қала бермек...”, Капитан Кусто: «Қазіргі ғылымды он төрт ғасыр артқа тастаған Құранға ант етейін, ол – Аллаһтың хақ сөзі» депті, Абай атамыз: **«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас»**, – деп Құранның хақ екендігін айтқан.

Құран адамзаттың екі дүниелік бақыты үшін түскенін білсе де, көре алмай, Құранды пенде кітабы етіп көрсетіп, оны жоққа шығаруға тырысқан Құран дұшпандары қанша жанталасқанмен, оның мәңгілік жарығын өшіре алмасы анық. Құранда: **«Олар Аллаһтың нұрын ауыздарымен үрлеп өшіруге тырысады. Алайда Аллаһ көпірлер қаламаса да нұрын толықтырады»** («Саф» сүресі, 8 аят), дейді.

Сондықтан да Құран жайлы сын айтып, сөз таластырмақ болғандар мәңгілік сөнбес нұрдан мақұрым қалмақ. Ал Қасиетті Кітаптың хақтығына қалтқысыз сеніп: **«Раббымыз, біз «Раббыларыңа иман етіндер» деп шақырған (Пайғамбар, Құран) шақырушыны естіп, дереу иман етік»** («Әли Имран» сүресі, 193-аят) дегендер сол бір нұрдың бақытына бөленіп, **«Раббымыз, бізге пайғамбарларыңа уәде еткендеріңді бер, һәм бізді қиямет күні қорлама. Күдіксіз Сен берген уәдең мен сөзіңнен айнымайсың»** («Әли Имран» сүресі, 194 аят) деп дұға етіп, ақыретте Ұлы

Жаратушының уәдесі бойынша Оның таусылмас қазынасы мен сарқылмас сый-сияпатына қол жеткізеді.

Иә, Құран – жеті қабат ғаламзатты жоқтан жаратқан Жалғыз Жаратушы Аллаһ тағаланың мән-мағынасы шексіз мәңгілік кітабы.



«Сіздердің ең
жақсыларыңыз
Құранды үйреніп,
оны басқаларға
үйреткендеріңіз»

Құран Кәрім оқудың қасиеттілігі

Әрбір мұсылман Құранды өзі ғана оқып үйреніп қоймай, оны бала-шағасына да үйретуге міндетті. Себебі пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадис-шарифте:

«Сіздердің ең жақсыларыңыз – Құранды үйреніп, оны басқаларға үйреткендеріңіз»- деген.

Құрансыз өмірдің бос өмір екендігін әрбір мұсылман жақсы түсінуі керек. Құран оқылмаған үйде, жерде, елде береке, тыныштық болмайтынын еске сақтау ләзім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бұл туралы хадис шарифте былай дейді: **«Үйлеріңізде Құран Кәрімді көп оқыңыздар. Себебі Құран оқылмаған үйде жақсылық, береке аз болады. Ондай үй-іші әрдайым қиыншылықта болады»**. Яғни ондай үйде тыныштық болмайды.

Дүниедегі еш нәрсе адам баласын Құрансыз бақытты ете алмайды. отбасында тыныштық, татулықты тек Құран ғана бере алады. Әсіресе қазіргі заманда болып жатқан әлеуметтік



құбылыстарға зер салсақ, отбасы мүшелері арасындағы түрлі араздасулар, келіспеушіліктер, ұрыс-керістердің көпшілігі дін жолын ұстанбайтын, Құран оқылмайтын үйлерде, отбасыларда болады. Құран оқылған үйге Аллаһ тағаланың шексіз мейірім, рахымы жауады.

Бұрын өткен ата-бабаларымыз заманында ажырасулар, ерлі-зайыптылар арасында ұрыс-керіс, әке мен бала арасында талас-тартыс өте аз ұшырасқан, себебі олар Құран жолымен өмір сүрген, Құранды үйреніп, бала-шағаларына үйретіп отырған. Әрбір мұсылман Құранды өзі оқи білген. Сондықтан отбасында береке, жақсылық, бір-біріне деген ізет, құрмет сақталған.

Құран оқу азайған соң теріс қылықтар, күнә істер, қылмыстар көбейіп қоғамда тынышсыздық басталады. Бүгінгі таңда Құран оқылатын үй мен Құран оқылмайтын үйді береке, тыныштық жөнінен салыстырсақ, әлбетте Құран оқылған үйде береке, тыныштық Құран оқылмайтын үйге қарағанда жиірек екендігін байқаймыз.

Хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с): **«Бір үйде Құран оқылса, аспаннан періштелер енеді. Шайтандар қашады. Үй-ішіне жақсылық, тыныштық енеді, жақсылық көп, жамандық аз болады. Бір үйде Құран оқылмаса, ол жерге шайтандар келеді, періштелер кірмейді, үй-ішіне**

тынышсыздық келеді, жақсылық азайып, жамандық көбейеді»,- деген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Құран қарайған жүректерге нұр береді» деп те ескерткен.

Құран адамды рухани қиыншылықтардан, көңіл тарылуынан сақтайды. Құран өзіне ұмтылған жандар үшін – үміт көзі. Құран мұсылмандарға үмітке толы өмір береді.

Пайғамбарымыз бір хадис-шарифінде: **«Құран оқу – көңілдің шипасы»,- дейді.**

Ия, Құран қай жерде болса да - дертке дауа. Себебі Аллаһ тағала Құран Кәрімнің «Юнус» сүресінің 57-аятында:

«Әй, адамдар! Тәңірлеріңнен сендерге насихат болған, жүректегі дертіңе дауа болған мұсылмандарға тура жол және жарылқау болған кітап (Құран) келді»,- дейді.

Құран – рухани ауруларға да қарсы шипа көзі. Дәрі-дәрмекпен емделмейтін аурулар Құранмен шипа табады.

Мұсылман жаны қысылып көңілсіз күйге ұшырағанда дереу дәрет алып Құран оқығаны жөн. Көңілсіздіктің жалғыз шарасы – Құран оқу, оқыған Құранды тыңдау.

Құран дауа ретінде түскен. Аллаһ тағала: **«Біз Құранда шипа болатын аяттарды түсірдік»-** деген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): **«Кім Құраннан шипа таппаса, оған басқа ем жоқ»** деген.

Құран Кәрімде шипалық қасиеттері бар бірнеше аяттар бар. «Жүніс» сүресінің 57-ші, «Тәубе» сүресінің 14-ші, «Нахл» сүресінің 69-шы, «Исра» сүресінің 82-ші, «Шуара» сүресінің 80-ші, «Фуссилат» сүресінің 44-аяттары Құранның шипалық көзі. Мысалы «Әл-Исра» сүресінің 82-аятында: **«Мүміндерге рақымы, шипасы бар Құранды түсіреміз. Залымдардың шеккен зияны арта түседі»** делінген.

Яғни Құранда баяндалған үкімдер - теріс ақида (сенім), жалған көзқарас және жаман мінез-құлық сияқты рухани ауруларға бірден-бір шипа көзі. Оның ішіндегі Аллаһ тағаланың әмірін орындағандар үшін Құран – рахым, мейірім көзі. Сондықтан Құран әрі шипа, әрі Жаратушы Иеміздің пенделеріне жіберген рақымы.

Ибн Масғуд (р.а.): «Құран шапағат етеді, иесі үшін жұмыс

істейді. Сондықтан кімде-кім Құранды жолбасшы етсе, ол оны жәннатқа жетелейді. Кімде-кім Құран жолын ұстамаса, бұл жағдай оны дозаққа сүйрейді» деген.

Бұл сөздің мағынасы: Құран өзін оқып, үкімдеріне амал жасаған кісіге Аллаһ тағаланың алдында шапағатшы болады. Құран өзін оқымаған, үкімдеріне амал етпеген адамға да қарсы куә болады. Құранның бұл куәлігін Аллаһ тағала қабыл етеді дегенді білдіреді. Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Хақиқатында Құран Аллаһ тағаланың пенделеріне берген сый-сияпаты, олай болса, ей, мұсылмандар, қолдарыңыздан келгенше Аллаһ тағаланың сыйлығын үйреніңдер. Құран Аллаһ тағаланың мықты бір жібі.

Құран – жарық та айқын нұр, адамдарға һәм шипа, һәм тура жол көрсетуші. Құран – өзін ұстанғандар үшін құтқарушы. Ол қанша көп оқылса да ескірмейді. Оны көп зерделеп, үкімдерін орындау қажет. Құран сөзінен тысқары шықпау ләзім. Себебі Аллаһ тағала Құран оқылғанда оқылған әрбір әріпіне он сауап береді. Бұл ретте мына нәрсені есте ұстау керек. Әлиф, ләм, мим үшеуі - бір әріп, үшеуіне - он сауап жазылады деген сөз емес. Керісінше, әлиф - бір әріп, оған - он сауап, ләм - бір әріп, бұған да - он сауап, мим бір әріп, оған да - он сауап беріледі», - дейді.

Абдуллаһ ибн Масғуд риуаят еткен хадис-шарифте Пайғамбарымыз (с.ғ.с): **«Аллаһ кітабынан бір әріп оқығанға бір жақсылық бар, ол он есе жақсылық болып жазылады. (Яғни, бір әріпіне он сауап беріледі.) Мен әлиф, ләм, мим – бір әріп демеймін. Әлиф – бір әріп, ләм – бір әріп, мим – бір әріп деп айтамын»**, - деген. Яғни әлиф, ләм, мимді оқыған кісіге - отыз сауап жазылады. Сондықтан біз – мұсылмандар Құран оқудың қасиетін жақсы түсіне білуге тиіспіз. Бір әріп үшін сонша сауап берілетін болса, Құран Кәрімді толық оқып шыққан кісіге қанша сауап жазылатынын ойлап көрейікші! Ендеше келіңіз, Қасиетті кітапты оқып, мол сауапқа ие болайық.

Қолданылған әдебиеттер

1. әл-Хафиз Жәләүддин әс-Суюти. әл-Итқан фи Улумил-Құран. «Дару Ибн Кәсир» баспасы, Бейрут, 1987ж.
2. Ибн Хажар Асқалани. Фатхул-Бари шархул-Бухари, «Дәрул-фикр» баспасы, 2000 ж.
3. Қ. Жолдыбайұлы. Ақиқат шуағы, 3-басылым, «Алтын қалам» баспасы, Алматы, 2007 ж.
4. М. Исаұлы. Құран кімнің сөзі?, 3-басылым, «Алтын қалам» баспасы, Алматы, 2007 ж.
5. Мухаммәд Бәдруддин. әл-Бурһан фи ылуумул-Қуран. Бейрут, 1958 ж.
6. Мухаммед Али әс-Сабуни, Сафуатут-Тафасир, «Дарус-Сабуни» баспасы, Каир қаласы, 1976 ж.
7. Тафсир ибн Аббас, «әл-Кутубус-сақафия» баспасы, Бейрут, 1991 ж.





ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН

Ислам төңкеріс жасады. Адамды көркем бейнеде жаратып қана қоймай, оның әлсіздігі мен мұқтаждықтарын да толық білетін Аллаһ тағала оны мына дүниеде қараусыз қалдырмады. Адамзаттың атасы хазреті Адамнан (ғ.с.) бастап, ақырзаман үмбетіне дейін әр дәуірде жұрттың қажеттілігі мен сана деңгейіне қарай иләһи (құдайлық) хабарды сол қауым ішінен арнайы таңдалған пайғамбарлар арқылы жіберіп тұрды. Адамзат санасы бұрынғыдан гөрі дамып, толысқан кезде ақырғы пайғамбар хазреті Мұхаммед (с.ғ.с) арқылы 23 жыл бойы уахи етіп Құранды түсірді.

Жалпы жаратылыс, болмыс әлемі Ұлы Аллаһты танытатын үлкен кітап ретінде жоқтан бар етілсе, Құран - сол ғаламның тәржімасы. Пайғамбарларға берілген барлық уахи арқылы келген парақтар мен кітаптар да Ұлы Жаратушыны көркем сипаттарымен танытып, адамға мына дүниедегі міндетін түсіндіріп, ақ пен қараның аражігін айқындап, екі дүниенің бақытын сыйлау үшін жіберілген. Қасиетті Құран өзінің алдында келген иләһи кітаптардың соңғысы, әрі оларды толықтыру үшін адамзатқа жолданған.

